



АСЫЛХАН ҚАЖЫ ӘБИЛЕНОВ
(Еңбекпен шыңдалған тұлғалар)

015(574.31-21)

A75

**A 75 Асылхан қажы Әбіленов. Ардагер металлург:
библиографиялық жаднама /Теміртау орталық
кітапханасы: құраст. К.Жанашева. - Теміртау. - 2023. - 16 б.
- (Еңбекпен шыңдалған тұлғалар)**

**Теміртау қаласының орталықтандырылған
кітапханалар жүйесі КММ
Ақпараттық-библиографиялық бөлімі**

АСЫЛХАН ҚАЖЫ ӘБІЛЕНОВ
Ардагер металлург

(Еңбекпен шыңдалған тұлғалар)
библиографиялық жаднама

Теміртау, 2023

Оқырманға

XX ғасырдың елуінші жылдары «Жастар - Қазақстан Магниткасына» деген ұранды бетке ұстап, Арқаға аяқ басқан бозбалалар қазір ұрпағына өнеге боларлық ардагерлерге айналды.

Теміртау тағдырлардың тоғысқан тұғырлы мекені дегенді жиі естиміз. Бұл шын мәнінде солай. Бозбала кезінде құрышты қалаға табан тіреген көптеген жігіттер осында есейіп, үлкен өмірге қадам басты. Көбісі металлург мамандығына адал болып, кәсіп пен білімнің биік шыңына көтерілгенін тарихтан жақсы білеміз. Олардың қай-қайсымен әңгімелесек те Теміртауды өзінің туған қаласына теңейді, тағдырының өздері құралпы өрендермен өрістес болғанын мақтаныш етеді. Теміртауға табан тіреген сол өрендер бүгінде бастарын ақ қырау шалған ақсақалдарға айналды.

Темір селін ағызған металлургтер еңбегі бір сәт те толастаған емес. Майталман тұлғалардың ерен еңбекпен бейнетке, зейнетке толы өмір жолдарын өскелең ұрпаққа насихаттай отырып, ақпараттық-библиография бөлімі **«Еңбекпен шыңдалған тұлғалар»** топтамасымен библиографиялық жаднама әзірледі.

Жаднаманы құрастыру барысында электронды каталог қолданылды. Пайдаланылған әдебиеттер тізіміндегі материалдар мерзімдік басылымдардан алынды.

Тізім қалың оқырман жұртшылыққа арналған.

*Заман мынау өзгерген,
Ілесе алмай кез-келген.
Елуінде-ақ ел жүгін,
Арқалауға сөз берген.*

Қ. Ботанов

Қазақстан Магниткасының алып құрылысына ат салысып, бар ғұмырын металлургия саласына арнаған ардагерлеріміздің қажырлы еңбегін жастарға үлгі ете отырып, қалалық ақсақалдар алқасының мүшесі, комбинат ардагері Асылхан қажы



Әбіленов жайлы сөз қозғамақшымыз. Тектілердің мекені атанған Теміртауға сонау 1959 жылдың күзінде келген ол, одан кейінгі бар саналы ғұмырын қаламыздың дамуына, өндірістің өркендеп, тіліміз бен мәдениетіміздің, ұлттық салт-дәстүрлеріміздің қайта түлеуіне арнады. *«Өткен күнде белгі бар»* дейді қазақ, тауып айтылған. Өткенімізді ұмытпай, артта қалған күндерге мойын бұрып, болған, бастан өткен оқиғаларды еске ала отырып, тамыры тереңде жатқан тарихымызға үңілеміз. Өйткені, кешесіз бүгін, бүгінсіз ертең жоқ. Бұл ақиқат. Мұны айтып отырғанымыз, сол 1959 жылы келген бозбала Асылхан бүгінде сексеннің сеңгіріне шыққан.

Жыл мезгілдері секілді адам баласының да жастық көктемi, жаймашуақ жазы, миуалы күзi, қарлы-боранды қысы болады емес пе?! Осыларды өз мәнімен, өз сәнімен өткізіп, жаны қалаған кәсібін меңгеріп, жаны сүйген жар тауып, ұрпақ өрбітіп, туған-туыстар мен дос-жарандары емен- жарқын араласатын нағыз арқа сүйер, сырласар азамат болғанға не жетсін, шіркін?!

- Мен сол 1959 жылы Көкшетау облысының Степняк қаласында орта мектепті бітірген едім. Газеттен Қазақстан Магниткасының құрылысы жүріп жатқаны, оған комсомолдық жолдамамен жастардың тартылуы жайында хабарландыру оқыдым. Сөйтіп, күзде келіп, осындағы «Доменстрой» басқармасына жұмысқа орналасып, №1 домна пешінің топырақты ұнтақтайтын бөлімінде жұмыс істедім. Мұндай алып құрылысты бұрын-соңды көрмеген едім, әр күнімді таңғалумен, қызығумен өткізіп жүрдім. 1960 жылы шілде айында №1 домнаның алғашқы шойын беру салтанатына қатыстым. Жұмыс істей жүре жоғары оқу орнына түсуге бел буып, дайындалумен болдым,- дейді ақсақал Асылхан Әбіленов. Иә, еңбек еш уақытта еш кетпейді, 1960 жылы Асылхан институттың электро-механика факультетіне оқуға түсіп, үш жыл бойы күндіз жұмыс істеп, кешке оқиды. Сол

кездегі тәртіп бойынша, студенттер өз мамандығына сәйкес жұмыс істеу шарт болғандықтан, шахтаға жұмысшы болып орналасады, кейін электровоз машинисі болып жұмыс істей бастайды. Ал 1967 жылы институтты ойдағыдай бітіріп, комбинаттың №1-ші қаңылтыр қақтау цехына жұмысқа тұрады, алғашында кезекші электрик, сосын бригадир, шебер болып 1977 жылға дейін істеген. Осы жылы комбинаттың жобалау бөліміне ауысып, онда конструктор, бюро басшысы, жобалау бөлімі бастығының энергетика саласы бойынша орынбасары секілді лауазымдарда жемісті қызмет етеді.



...Тағдыры өрімдей қызды Қарағанды политехникалық институтының студенті көкшетаулық Асылхан есімді жігітпен кездестірген екен, бұл 1964 жыл еді. Көңілдері жарасқан екі жас оқуды бітірісімен шаңырақ көтерді. Сөйтіп, 1966 жылы

жоғары білімі бар қос маман Теміртауға келіп, еңбек жолдары мен өмірлерін одан әрі жалғастырды. Күлән қазіргі «Бота» қонақ үй кешені орналасқан ғимараттағы емханада учаскелік дәрігер болып қызметке кірісті, ал отағасы Әбленов Асылхан комбинаттың ЛЦП-1 цехына орналасты. 1967 жылы тұңғыштары Арман, 1975 жылы Ерлан есімді ұлдары дүниеге келді. Күлән Әбленова Алматы, Қарағанды, Томск қалаларында білімін жетілдіріп, балалар дәрігері, яғни педиатрия саласын меңгеріп, өзі еңбек жолын бастаған емхананың меңгерушісі лауазымында ұзақ жылдар жемісті еңбек етті. Сол жылдар аралығында талай бүлдіршіннің дертіне дауа болып, ақ желеңді абзал жан атанды. Оның балаларды жаны сүйетіні соншалық, 1995 жылы зейнетке шығып, бір жарым жылдай үйде отырды да, қызметіне қайта кірісті.

- Біз сонау 1966 жылдан бері бір шаңырақ астында тату-тәтті ғұмыр кешіп келеміз. Аллаға шүкір, қос құлынымыз ержетіп, өмірден өз орындарын тапты, екеуі де қаладағы ВТУЗ-ды бітірді. Қазір үлкеніміз бала-шағасымен Мәскеуде тұрады, ал кіші ұл қолымызда, немерелеріміз де бар. Негізінде, отбасының берекесі - ана, бұл ретте менің

отанасына айтар алғысым шексіз. Бұл кісі жаратылысынан салмақты, сабырлы, ұқыптылығы тіпті таң қалдырады. Балаларға да, немерелерге де денсаулық кепілі – тазалық екенін үйретті, таза жүріп-тұруға дағдыландырды. Расында ер - түздің, әйел - үйдің адамы ғой, - дейді отағасы Әбленов Асылхан қажы.



Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында қалада қазақ тілі қоғамы құрылып, оның жұмысы жандана бастаған еді. Мұндағы қазақтар бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып, ана тіліміздің дамуына, ұлттық құндылықтарымыздың қайта жаңғыруына қолдарынан келгенше ат салысып, белсеңділік танытты. Асылхан бастаған бір топ жігіттер комбинат жанынан қазақ мәдени орталығын ашу жолында тер төкті. Сол кезде

комбинатта жобалау бөлімі бастығының орынбасары болып қызмет істейтін Асылхан Әбленов орталықтың директоры, ал ЛПЦ-3-тен зейнетке енді ғана шыққан Серіккали Раев орынбасары болып тағайындалған. ВТУЗ-дың оқытушысы, он қолынан өнері тамған Тұрсын Жүнісовке жөндеу-монтаждау цехынан арнайы орын беріліп, ұлттық қолөнердің алуан түрлі бұйымдарын жасауға жағдай туғызылды, қасына өншең ағаштан түйін түйетін шеберлер қосылды. Сөйтіп, Қазақ мәдениет орталығын ұлттық бұйымдармен, жиһаздармен сәндеу басталып кетті. Осындай қадамдардың, қала қазақтарының бірлігі мен ұлт мүддесі жолында ұйысқан тірліктерінің нәтижесінде тұңғыш қазақ мектебі ашылды. Оған қоса орталық жанынан көркемөнерпаздар үйірмелері жұмыс істей бастады. Тұңғыш рет наурыз мейрамын мерекелеу де сол жылдары бастау алған болатын.

Еңбекпен есейіп, топ ішінде өзінің кәсібіне ерекше сүйіспеншілікпен қарап, одан нәсіп тапқан, ұлтына деген сезімі бойын кернеп, талай қоғамдық жұмыстардың атқарылуына ұйытқы болған Асылхан ағамыз 2005 жылдан бері зейнетте. Зейнеткер деген аты болмаса, ол күні бүгінге дейін 8-ықшам аудандағы ардагерлер кеңесін басқарады. Қарттар мен жастарды салауатты өмір салтына үгіттеп, олардың денелерінің шымыр, ой және

жан дүниелерінің көркем, таза болуына атсалысуда. "Өзгеге пайдалы болған адам өзіне де пайда келтіреді" дегендей, Асекең салауатты өмір салтын ұстанып жүрген жан. Осы бағытынан айнымай, ұзақтығы Алладан болып, бақытты ғұмыр кешсін демекпіз.

Асылхан қажы Әбіленов туралы:

Алдашева, Р. Асылдың сынығын тот баспайды [Мәтін]: [ардагер металлург Асылхан Әбіленов туралы] / Р. Алдашева // Құрыш қала. - Теміртау.- 2012.- 20 қаңтар (№01).- 6 б.

Алдашева, Р. Береке бірлігі жарасқан [Мәтін]: [Асылхан Әбіленов / Р. Алдашева // Құрыш қала KZ. - Теміртау.- 2013.- 25 қаңтар (№04).- 1, 10 б.

Жалғасов, Қ. Теміртаудың тұңғыш қажысы [Мәтін]: [Асылхан Әбіленов жайлы] / Қ. Жалғасов, Ш. Жалғасова // Құрыш қала. - Теміртау.- 2012.- 20 қаңтар (№20). - 3 б.

ОК: Победа көшесі, 12 үй
телефоны: 8(7213) 98-47-60
ОК сайты: www.kulturatem.kz
e-mail: tcsqb@mail.ru